

Көкпекті аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2018 жылғы 19 наурыздағы № 20-3/5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 2 сәуірде № 5582 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46 бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Көкпекті аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) Көкпекті аудандық мәслихатының 2007 жылғы 23 шілдедегі "Көкпекті аудандық мәслихатының 2005 жылғы 6 сәуірдегі "Тұрмысы төмен азаматтарға үйді ұстауға және үй коммуналдық қызметке ақы төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру тәртібі туралы ережесі" № 13-7/1 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" № 29-5/3 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-15-28 тіркелді, 2007 жылғы 8 қыркүйекте "Жұлдыз" - "Новая жизнь" газетінде жарияланған);

2) Көкпекті аудандық мәслихатының 2007 жылғы 21 желтоқсандағы "Көкпекті аудандық мәслихатының 2005 жылғы 6 сәуірдегі "Тұрмысы төмен азаматтарға үйді ұстауға және үй коммуналдық қызметке ақы төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру тәртібі туралы ережесі" № 13-7/1 шешіміне өзгерту енгізу туралы" № 3-4/1 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-15-32 тіркелді, 2008 жылғы 9 ақпанда "Жұлдыз" - "Новая жизнь" газетінде жарияланған).

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Аудандық
мәслихат хатшысы

К. Садықов
Т. Сарманов